

К.С. Әбдіқалық^{1*}, Б.А. Әрінова²,
Ж.А. Алиева¹, А.К. Ермахан¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail:kun_jan.16@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДА Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Мақалада қазіргі қазақ әңгімелерін оқытуда Ж. Аймауытовтың ғылыми еңбектерін қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері көрсетіледі. XX ғасырдың басында жазылған зерттеушілік әдіс-тәсілдердің бүгінгі оқыту үдерісіндегі ғылыми-теориялық маңыздылығы негізделеді. «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты еңбегіндегі оқушылардың күнделікті сабақта қолдануы тиіс «мықты әдісінің» бірі қазіргі қолданыстағы оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыратын тілдік төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) еске түсіретіні сараланады. Оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыратын дағдыға қатысты Ж. Аймауытовтың пікірі қазіргі диалогтік оқытумен өзара үндесіп жатқаны қарастырылады. Әдіскер ғалымның шағын әңгімелерді қалай оқыту керектігі туралы ұсынған әдістерінің қазіргі қолданыстағы жаңа әдістермен сабақтастығы талданады. Сонымен қатар оның әңгіменің түріне қарай әдістерді әрбір мұғалімнің өзі таңдап отыру керектігі туралы пікірінің өміршеңдігі зерделенеді. Шығарма жаздырту туралы ұсынған әдістері де дәстүрлі жүйеде және қазіргі таңда қолданылып жүрген әдістердің негізі екендігі сөз етіледі. Сөйтіп, Ж. Аймауытовтың оқыту мен тәрбиеге қатысты зерттеу еңбектері жүйелі түрде ғылыми-педагогика тұрғысынан талданып, бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті мәселеге айналып отырғаны қамтылады. Аталған әдістемелік зерттеулер жаңартылған білім беру жағдайындағы қазақ әдебиетін, соның ішінде қазіргі қазақ әңгімелерін оқытуда тиімді болып табылады.

Түйін сөздер: оқыту әдістемесі, тәсіл, диалогтік оқыту, сыни ойлау, дағды, қазіргі қазақ әңгімелері.

K.S. Abdykalyk^{*1}, B.A. Arinova², Zh.A. Aliyeva¹, A.K. Yermakhan¹

¹Kazakh national women's teacher training university, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kun_jan.16@mail.ru

Methodical Possibilities of Applying the Scientific Works of Zh. Aimaulytov under the Study of Modern Stories

The article reveals the methodological possibilities under the works of Zh.Aimaulytov in the study of modern Kazakh stories. The scientific and theoretical significance of the methods and techniques in the modern educational process, studied at the beginning of the 20th century, will be substantiated. The suggested essay writing techniques are also the foundations of the methods used by traditional and modern teaching systems.

First of all, in his work "How to teach your native language? "one of the" strongest methods " that students should use in their daily lessons is different in that it reminds them of the four language skills (listening, speaking, reading, writing) that shape the student's speech. It is considered that the opinion of J. Aimaulytova on the skills of forming the speech activity of students in tune with modern dialogic learning. The methodologist analyzes the continuity of the proposed methods of teaching the scientist's stories with the existing new methods. The author examines the opinion of Zh. Aymaulytov that every teacher should choose methods depending on the type of story being studied. The point is that the proposed methods of writing works are also the basis of the methods that I use in the traditional system. Thus, the article systematically analyzes the research works of Zh.Aimaulytov related to teaching and upbringing from the point of view of scientific pedagogy are relevant in the modern learning process. The named methodological studies are acceptable without the teaching of modern Kazakh stories in the context of the updated content of education.

Key words: teaching method, approach, dialogic learning, critical thinking, skills, artwork, etc.

К.С. Абдиқалық^{1*}, Б.А. Аринова², Ж.А. Алиева¹, А.К. Ермахан¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kun_jan.16@mail.ru

МЕТОДИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ НАУЧНЫХ ТРУДОВ Ж. АЙМАУЫТОВА ПРИ ИЗУЧЕНИИ СОВРЕМЕННЫХ РАССКАЗОВ

В статье раскрываются методические возможности научных трудов Ж. Аймауытова в изучении современных казахских рассказов. Обоснуется научно-теоретическая значимость методов и приемов в современном учебном процессе исследованных еще в начале XX века. Прежде всего, в его работе «Как научить родной язык?» один из «сильнейших методов», который ученики должны использовать на своих ежедневных уроках, отличается тем, что он напоминает им о четырех языковых навыках (аудирование, говорение, чтение, письмо), которые формируют речь ученика. Считается, что взгляд Ж. Аймауытова о навыках формирования речевой деятельности учеников созвучно современному диалогическому обучению. Анализируется преемственность предлагаемых методов обучения рассказов ученого с существующими новыми методами. А также описываются научные взгляды Ж. Аймауытова о том, что каждый педагог должен выбирать методы в зависимости от вида изучаемого рассказа.

Предложенные приемы ученого в написании сочинения также являются основой методов, которые используются в традиционной и в современной системе обучения. Таким образом в статье системно анализируются исследовательские труды Ж. Аймауытова, связанные с обучением и воспитанием с точки зрения научной педагогики и являются актуальными в современном процессе обучения. Названные методические исследования являются приемлемыми в изучении современных казахских рассказов в условиях обновленного содержания образования.

Ключевые слова: методика обучения, подход, диалогическое обучение, критическое мышление, умения, современные казахские рассказы.

Кіріспе

Қазіргі оқыту үдерісінің инновациялық тұрғыдан дамып өзгеріп отыруы пәндік білім мазмұнын меңгерту әдістерінің үнемі дәстүрлі әдістермен сабақтастықта жаңарып отыруымен сипатталады. Тарихи ретроспективада қарастыратын болсақ, тіпті әлемдік деңгейде орта ғасырлық жаттау әдісінен бүгінге дейін қаншама әдістердің пайда болып, қолданысқа түскендігі бәрімізге белгілі. Бұл тарапта XX ғасырдың басында-ақ жазған А. Байтұрсынұлының «Қай әдіс жақсы?» атты мақаласындағы «Жалғыз әліпби үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылса, әдіс түрлерін түгелдей алмас едік» [1, б. 108] (Байтұрсынов, 1992) деген пікірі еріксіз еске түседі. Баланы оқытуда қолданылатын көп әдістердің «білім берудің төте жолын табуға» қызмет ететіндігін ұғындырған Ж. Аймауытов біршама ғылыми негіздемелер жасап, ұсынған еді.

XX ғасырдың басындағы ұлт зиялылары қазақ балаларының қалайша жылдам білім алып, жетілуіне көмектесуге болатындығын барынша зерделеуге ұмтылды. Қазақ әдебиетін оқытудың басты міндеттерінің бірі – оқушылардың көркемдік әлеміне ене алуы және әдеби шығармалар негізінде өзін-өзі тәрбиелеуге үйретумен

дәйектеледі. Жалпы орта білім беретін мектептегі әдебиет пәнін оқыту әдістемесінің теориялық тұрғыда негізделіп тұжырымдалуы Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы сынды ағартушы ғалымдардың еңбектерінен бастау алатынын ғалым Т.Қ. Жұмажанованың «XX ғасырдың басында ағартушылық салада қызмет етіп, педагогика ғылымына үлес қосқан Ж. Аймауытовтың әдістемелік туындылары бүгінгі оқыту үдерісінде өзіндік бағаға ие» деген пікірі бұл әдістемелік ой-пікірдің қазіргі оқыту үдерісіндегі орнын айқындауға мүмкіндік тудырады [2, 43 б.] (Жұмажанова, 2009).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ж. Аймауытовтың «Комплексті оқу жолдары» деген зерттеуінде комплекс дегенге берген анықтамасы қазіргі білім беру жүйесіндегі басты қағидаттың негізі тәріздес. Нақтылап айтсақ, «Өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді, бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқыту» [3, б.20] (Аймауытов, 2013) – деген пікіріндегі біріктіріп оқытуға назар аударған жөн. Балалардың алған білімін жетілдіруде біріктіріп оқытудың бір түрі – күнделікті өмір тәжірибесін сабақтастыра оқытудың қажеттілігіне үлкен мән

береді. Ал оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттыруға негізделген қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы мектеп бағдарламасында берілген тақырыптар күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды байланыстыра ала отырып құрылуы бір ғасыр бұрын айтылған тәжірибелердің жиынтығы екені сөзсіз.

Жүсіпбек Аймауытұлы әдеби білім мазмұнын құрайтын оқу материалдарын меңгеруде баланың бойындағы табиғи қабілеттіліктер мен икемділіктерді барынша дамытуға назар аударған. Мәселен, оның «Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысына түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұстұсынан салу керек. Ол қармақтар саңылау мүшелеріміз: көз, құлақ, тіл, мұрын, қол-дене» деп сабақ барысында баланы сөйлету, көргенін жаздыру, естігенін тыңдату қажеттігін алға тартады. Бұл әдістердің баланың психологиялық ерекшеліктері мен өзіндік қарымына байланысты екендігін көрсетеді. Қазіргі инновациялық оқыту әдістері мен түрлі технологиялардың төркіні де осында жатыр деп айта аламыз. Сөйтіп, Ж. Аймауытов «Ана тілін қалай оқыту керек» еңбегінде оқушылардың күнделікті сабақта қолдануы тиіс «мықты әдісінін» бірін осылай қарапайым тілмен түсіндіріп береді [3, б. 213]. Әдіскер ғалымның пайымдауы қазіргі қолданыстағы оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыратын тілдік төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) еске түсіреді. Яғни, тыңдалым – «сөйлеңіз (тындасын!)», айтылым – «айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін!)», жазылым – «жаздырыңыз». Ал оқылым туралы Ж. Аймауытов көркем мәтінді қалай оқу керектігі туралы түсіндірмесінде арнайы тоқталып өтеді. Бүгінде сабақты осылайша коммуникативтік әдіспен өткізудің негізін қалаушылар деп шетелдік ғалымдарды насихаттағаннан гөрі әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихымызға да зер салғанымыз абзал.

Оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыратын дағдыға келгенде Ж. Аймауытов «Сөзге төселдірудің бір жолы – сұрау, жауап. Дұрыс қойылған сұрақ пен оған берілген дұрыс жауап баланың ой-өрісін кеңейтіп, тілін ұстартатынын меңзейді [3, б. 214]. Мұғалім мен оқушының арасындағы диалогке терең мән берген Ж. Аймауытов бұл арада дұрыс емес жауапты қалай түзету керектігін саралап көрсетеді. Алдымен жолдастарына түзету бүгінге дейін қолданып келе жатқан тәсілдің бірі болса, ал әдеби шығармаларға қатысты сауалдың «тілі жетпей

тұрған жерін жөндеу» баланың эстетикалық талғамын қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ «Сөйлегенде де, жазғанда да қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері» [3, б. 214] деп сөйлеу мәдениетіне ерекше ден қоя отырып, балаларды ойын жинақы, сөзін нәрлі айтқызуға үйретуді мұғалімдерге міндеттейді. Оқушының тіл шеберлігі мен сөйлеу әдебінің әдеби тілдік нормаларға сәйкес болуын көздеген ғалым балалардың шұбалаңқы, қыстырма сөздермен сөйлегендерін әдет болып кеткен қарым-қатынастағы жайдақ сөздердің қолданылуынан байқады.

Бұл пікірі де қазіргі оқыту жүйесіндегі жеті модульде қарастырылатын оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің бірі «диалог арқылы оқытумен» өзара үндесіп жатқаны байқалады. Әдетте осы тақырыпта сөз еткен отандық әдіскерлер деңгейлік курстарда қатысушыларға Нейль Мерсердің «Диалог негізінде оқыту және оқу» (Merсер, 1995) еңбегін [4] оқуға кеңес береді. Шетелдік ғалымдармен бірге ұлттық танымға негізделген Ж. Аймауытовтың пікірін де назардан тыс қалдырмаған орынды. Жалпы, осы қаралған әдістер кеңес дәуіріндегі, яғни, 60-жылдарда жарық көрген Ә. Қоңыратбаев [5] (1966), А. Көшімбаев [6] (1969) сынды әдіскер ғалымдардың оқулықтарына да негіз болғаны сөзсіз.

Сабақта өтілетін жаңа тақырыптың кіріспесіне қатысты да ғалымның мынадай пікірлері бар: «Танық нәрселердің атын жаздырмай тұрып, өзін, әйтпесе тұрпатын, суретін, үлгісін, жоспарын көрсету керек. Мұның бірі де мүмкін емес екен, ауызша ұқсас нәрсемен салыстырып оқыту керек. Сонда барып миына перне қонады, сонда барып перненің аты көкейінде қалады» [3, б. 213]. Қалай оқыту керектігін үйретуде осындай әдістерді қолдануға кеңес береді. Қазіргі бастауыш сыныптың тәжірибесінде осы әдісті дамыта отырып молынан қолдануға болады.

Ж. Аймауытов өз заманындағы оқыту үдерісіндегі әдістерімен бөлісе отырып, «Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылу керек?» деген мәселені кеңінен көтере білді. Әдіскер ғалымның шағын әңгімелерді қалай оқыту керектігін айтқанда болжаммен емес, нақты кесіп, пішіп айтуы ойланарлық жайт. Демек, бұл әдістердің өміршендігін танытса керек. Қаралған әдістер кеңес дәуірінде де, кейінгі дәстүрлі жүйеде де қолданыста болып, бүгінгі жаңартылған оқыту жүйесінде де өз құндылығын жоя қойған жоқ. Рет-ретімен жүйелегенімізде, төмендегідей 14 мәселені талап етеді (кесте):

1-кесте – Ж. Аймауытов ұсынған 14 әдістің жіктемесі

	Ж. Аймауытов ұсынған 14 әдістің жіктемесі:	Қазіргі оқытудағы әдістермен барабарлығы:
1	Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн.	Жаңа сабақтың алдындағы кіріспе ретінде қолданылатын бұл әдіс, яғни, оқушыларды даярлап алу бүгін де құнын жойған жоқ.
2	Ынталандыру әдісі: «Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп, әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірден алып, әйтеуір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек.	Қазіргі уақытта ынталандыру (мотивация) кеңінен қолданылады. Мұғалім мұны «миға шабуыл» әдісін, кейде мотивациялық, имитациялық ойындарды, тренингтерді пайдалану арқылы жүзеге асырады.
3	Шағын әңгімені оқытуға бағытталған. Содан кейін оқылса, әңгімені балалар құлшынып тыңдайды. Алдымен жақсы оқитын балаға, сонан соң төмендеуіне оқытылсын.	Мектепте көркем мәтінді осылайша оқыту, әсіресе, дәстүрлі жүйеде бастауыш сынып пен 5-6 сыныптарда кеңінен қолданылып отырды. Ал қазір бұл әдіс топтық жұмыста лидерлік сапаны дамытуға бағытталады.
4	Әңгіме қандай әсер берді екен, тыңдаушылар ойлансын.	Оқушыларды «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасындағы «Ойлан, жұптас, бөліс», «Ақылдың алты қалпағы», «Сезімнен туған ойлар» сияқты оқу стратегияларын қолдануға болады.
5	Мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс жасау: «Ұғымсыз, жат сөздер түсіндірілсін».	Бүгінгі оқыту үдерісінде «Сөздік гол» «Тірек сөздер стратегиясы және т.б. әдістермен сәйкес келеді.
6	Әңгіменің көркемдік ерекшелігіне қарай талдай жүргізу: «Суретті, көркем сөздерді тапқызылсын».	Әңгімені талдау үшін «кейіпкерге хат», «Бейнелер жұмбағы» стратегияларын қолдана отырып талдау жүргізіледі.
7	Әңгіменің жалпы мазмұны туралы түсінік қалыптастыру: мазмұны қысқаша қайта айтқызылсын».	Бұл әдіс әдебиетті оқытуда технологиялық мүмкіндіктерге орай дәстүрлі және қазіргі оқытудағы «Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» әдістерімен қолданылады.
8	Шығарманың композициялық құрылымы мен оқиғасына қарай бөлімдерге бөлу: «Әңгіме бөлшектелінсін».	Бөлшектеп оқытуды қазіргі «ДЖИГСО», «Пирамидалық талқылау», немесе «FILA» әдістерімен байланыстыра қарастыру тиімді.
9	Бөлімдерінен сурет туғызылсын (Оңай сурет болса, балалардың қолынан келсе, тақтайға салғызылсын; қиын болса, ауызша суреттелсін. Болмаса үйде салып келуге берілсін).	Дәстүрлі жүйеде де, қазірде де бастауыш сынып пен 5-6 сыныптарда әңгіме желісіне қарай сурет салғызу «Галереяға саяхат» стратегиясы және арт технологияларды қолданумен ұштасады.
10	Сұраулар қойылып, балалармен кеңесілсін.	Көркем шығарманы талдауда «Сократтық семинар», «Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» сияқты әдістерді пайдалану орынды.
11	Әр бөлімдерін тақырыптып қарасын.	Әр топтың әңгіменің оқыған бөлімдері бойынша тақырып қоюы «ДЖИГСО» және «әдеби үйірме» оқу стратегияларымен үйлеседі.
12	Әңгімедегі қаһармандар атынан сөйлетілсін.	Рөлге бөліп оқыту әдісі де сабақта ішінара жүргізіліп отырады. «Кейіпкерге хат» әдісі оңтайлы деп танылады.
13	Әңгімеден баланың есіне не түсті екен, айтқызылсын, тіл шеберлігінің жетілуіне ықпал етеді.	Бұл әдіс баланың сыни ойлауын дамытып қана қоймайды, көркем шығармадан алған әсерін өмірмен байланыстыра айтқызуы оның дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді.
14	Қорытынды шығартылсын.	Әңгіменің толық мазмұнын, басты идеясын, түйінін жеткізу үшін «INCERT», «Жолаушының қойын дәптері» стратегиялары қолданылып, кері байланыс түрінде қорытуға мүмкіндік тудырады.

Ж. Аймауытовтың сонау ХХ ғасырдың басында айтып кеткен осы тұжырымдары қазіргі оқыту үдерісінде қолданылатын «5 минуттық эссе», «Пікірталасқа негізделген әңгіме», «Ақылдың алты қалпағы», «Кейіпкерге хат», «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту», «Әдеби үйірме», «ЖИГСО», «Кубизм» т.б оқу стратегияларымен сабақтас екендігін айта аламыз. Сол сияқты сабақ соңында кері байланыс жасау арқылы оқушылардың жаңа сабақты қаншалықты түсінгендігі туралы жасалатын қорытындыларда бұл он төрт тұжырымды «Соңғы сөзді мен айтайын», «INCERT», «БББ кестесі» және т.б. әдістермен де байланысты қарастыру ғалым ұсынып кеткен әдістеменің өміршендігін көрсетеді. Әрине, заманның талаптарына, технологиялық жетістіктерге орай өткен ғасырдағы әдістемелік жүйенің қазіргі инновациялық оқытудан өзгешелігі де бар. Дей тұрғанмен, дәстүрлі оқыту әдістерінің бүгінгі оқыту әдістемесінің негізі болатыны айқын.

Зерттеу нәтижелері

Ж. Аймауытов шағын әңгімені қалай оқыту керектігін осылайша зерделей келе, мектеп балаларына арналған шығармалардың да үлкен талғаммен іріктеліп барып оқытылу керектігін арнайы ескертеді. Оқылатын әңгіме қандай болу керек?» деген мәселеге айрықша ден қояды. Қысқа, шағын әңгімені оқытуда мұғалімнің мәтінді бірден оқуға көшуі баланың ынтасын, әңгіменің мазмұнына деген қызығушылығын жоятынын Ж. Аймауытов «Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн деп зерделейді. Мұғалім оқушыларға түрткі беріп, олардың мотивациялық қажеттіліктерін тудыра білуі, яғни ынталандыруы тиіс. Мәтіннің мазмұнын балалардың құлшынып тыңдауы үшін дауыс ырғағы жақсы, үні әуезді оқушыға оқытудың да ұтымды жақтарының көп екендігін айтады. [3, б. 215-216]. Осы айтылған талаптарды алғашқы болып кеңес дәуірінде М. Жолдыбайұлы, Ә. Қоңыратбайұлы, М. Қаратайұлы (1934) сынды мектеп хрестоматиясын [7] құрастырушылар назарға алған болатын.

Ал әңгімені оқытуда қолданылатын әдістерге тоқталғанда Ж. Аймауытов алдымен мұғалімнің өзіне бірнеше сауалдарды қойып барып таңдау қажеттігін негіздейді. Әдебиетті оқытуда көп жағдайда, әсіресе бастауыш сыныптарда суретті әңгіме әдісінің оңтайлығын ғалымның «Бөлімдерінен сурет туғызылсын.

(Оңай сурет болса, балалардың қолынан келсе, тақтайға салғызылсын; қиын болса, ауызша суреттелсін. Болмаса үйде салып келуге берілсін деген ойымен сабақтастыратын болсақ, бұл әдістің өміршендігін бүгінгі оқыту үдерісіндегі мәнділігімен сипаттап түсіндіруімізге әбден болады [3, б. 216]. Осы айтылғандарды талдай отырып, бүгінгі жаңа білім беру жүйесінде кеңінен пайдаланып жүрген мұндай тәсілдердің негізі қайда жатқанын түсінуге болады. Тіпті, әр сабақ сайын кері байланыста қолданылып жүрген «Қай әдіс ұнады?» «Оқытуда әдіс-тәсілдердің қайсысы тиімдірек?» деген сияқты сұрақтарды Кембридж университетінің тәсілінен алынған деп айтып жүрміз.

Баланы көркем әдебиетке жетелеу үшін жас ерекшелігін сақтап, оқушының түсінігіне, қабылдауына қиын емес әңгімелерді ұсынған жөн екенін де тілге тиек етеді. Сол себепті баяндау түріндегі шығармалар үлгілі әдебиеттен немесе балаларға арналған кітаптардан алыну керектігіне тоқталады. Ж. Аймауытовтың «Шалымды оқытушы әңгіменің түріне қарай, әдісін өзі таңдамақ» деген қағидасын бүгінгі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің тұрғылары ретінде тұжырымдау қажет. Балаларға көркем әңгімелерді оқытқанда қандай сұрақтардың қойылуы керектігін де назардан тыс қалдырмайды. Әдіскер ғалым қойылатын сұрақтардың үлгісін былайша жасап көрсетеді:

- 1) Бұл әңгіменің кейіпкерлері кімдер?
- 2) Оқиға қай заманда, қай жерде өткен?
- 3) Әңгіменің басталуы мен аяқталуының ортасында үзіліп кеткен тұстар бар ма?
- 4) Шығарманың аса маңызды бөліктерін атап айтындар.
- 5) Мазмұндауда қандай сөздер, сөйлемдер барынша әсерлі шыққан?
- 6) Осы әңгіме бойынша қандай сурет салуға болады деп ойлайсындар?
- 7) Қай жерін нақышына келтіріп, сипаттап айтар едіңдер?
- 8) Әңгіменің қай тұсы мұң, немесе қуаныш пен асқақ сезім туғызады? [3, б.216-217].

Мұндай сауалдар балалардың көркем шығарманы талапқа сай толықтай меңгеруіне тікелей ықпал етеді. Сондықтан да әдіскер әрбір сұрағына өзіндік маңыз беріп, әңгімені қалай оқыту керектігіне байланысты өзі ұсынған бағыт-бағдарымен тығыз байланыста қарастырған. Әдіскер ғалым тағы бірде шағын прозаны оқытуда қолданылатын әдісті өлеңді оқытуда қолдануға болмайтынын да ескертеді. «Оқушыларды дайындап, қызығушылықтарын

оятып алған соң мұғалім көркем өлеңдерді әуелі өзі оқып берсе, онда балаға тигізер әсері де күшті болады. Сонымен қатар ғалым бұл әдісте қайталап оқытудың кейде оң нәтиже бермейтіндігіне де тоқталады. Поэзиялық шығармаларды оқытуда ақынның өз сөзін еш бұрмалауға болмайтынын, қара сөзден гөрі өлең сөздің сезімдік қуатының терең болатынын психологиялық айшықтармен бедерлеп көрсетеді. Ол түсіндіру әсерді әлсіретуге емес, күшейтуге жұмсалсын» дейді [3, 216 бб.].

Жалпы, Ж. Аймауытовтың қазақ әңгімелерін қалай оқыту керектігі туралы жазылған алғашқы әдістемелік еңбегінің бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймағандығына толықтай көз жеткізе аламыз. «Мектепте қысқа әңгімелерді қалай оқытылу керек?» деген мәселені көтере отырып, оны түбегейлі шешіп беруінде әдіскерлік шеберлігімен қоса, өзінің де бірнеше шағын прозаның авторы болғандығы тікелей септігін тигізгені сөзсіз. Көркем шығарманың табиғатын терең сезінген Ж. Аймауытов әдістерінде ұлттық нышан толық сақталған. «*Аялдай отырып оқу*» әдісін орта буын сыныптарда қолданған тиімді. Әсіресе шағын мәтін бойынша жұмыс жүргізуге мүмкін болатындай көлемдегі шығармаларды таңдап алған жөн. Мұнда оқушыға мәтінді мағыналық бөліктерге бөле отырып оқытып, әр бөлік сынып бойынша оқылғаннан кейін талқылау, мағынаны айқындай түсу тәсілдері жүргізіліп отырады. Әдебиет сабақтарында әңгімені бірнеше қысқа бөліктерге бөліп оқыту мағыналық түсіндірме сипатында жүргізілсе құба-құп болады, өйткені әр бөлікті оқып болған соң талдау қажет.

Мәселен, жалпы білім беретін мектептің жаңартылған білім мазмұнында 5-сыныпта М. Қабанбаевтың «Бауыр» әңгімесі ұсынылған [8] (Ақтанова, 2017). Әңгіменің оқиға желісі мен композициялық құрылымына сәйкес оны төрт бөлікке бөліп оқытқан өте ыңғайлы. Бірінші бөлік шығарманың басынан бастап «Төмен қарап, көзімен жер сүзу Манаптың, қала берді Төркекелді тұқымының маңдайына жазылған қасиет екенін бір көрген директор қайдан білсін?! ...» деген жерінен алынады. Осы ретте оқушыларға «бірінші аялдамада» төмендегідей бірнеше сұрақ беріледі.

1. Манап кім, ол қайда және қандай мақсатпен келді?

2. Директор Манапты қалай қарсы алды?

3. «Орынсыз мылжындап, түн қатып, түс қашып келген қонағымды шаршатып алдым ба?...» дегенді қалай түсіндіңдер? Сұрақ бой-

ынша талқылау аяқталған соң оқушылар екінші бөлікті оқуға ойысады.

Бірінші бөлікті оқып болған соң сыныпқа оқушылардың мәтін мазмұнын қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында сұрақтар қойылады. Жауаптарын тыңдап, қорытынды жасағаннан кейін оқушылар келесі, яки екінші бөлікті оқуға ауысады. Екінші бөлік: «...- Жә, оның бәрін бүгін ертең көзбен көріп, қолмен ұстай жатарсыз. Жатақхана есебінен бөлінген шығын, шағын да болса қонақжай бөлмелер бар ...» деп басталып, «...Мен Қалиды ертіп шығайын. Кешіксек, кешіріңіз. Спортшылардың жаттығудан соң жуынып, тер басатынын өзіңіз де білесіз ...» деген жерге дейін оқылады. Мұғалім «Екінші аялдамада» да сұрақ-тапсырмамен жұмыс жасауы керек. Мұндағы мақсат мәтіннің ішкі мазмұнын терең меңгерту болмақ. Оқушының назарынан тыс қалған кейбір детальдарға да көңіл аудартып отыру әңгімені оқытуда назарда болғаны шарт.

Жүсіпбек Аймауытов ұсынған бұл әдіске сәйкес әңгімені оқуда балалар «Үшінші аялдамада» мәтіннің мазмұнын тұтас меңгеруі тиіс. Алайда, оқиғаның қалай аяқталарын болжам жасау арқылы ғана білуге болады. Сондықтан балалардан әңгіменің шарықтау шегі туралы сұрап, мұғалім проблемалық жағдаят туғызуға тырысады. «Ағайынды Манап пен Қали ақырында бірін-бірі табады ма?», «Егер, өзің осы шығарманың авторы болсаң, оқиғаның сюжетін қалай өзгертер едің? сияқты сыни ойлауға жетелейтін сұрақтар беру оқушылардың әдеби білімге деген сұраныстарын нығайта түседі. Оқушылардың пікірлері сан түрлі болуы да ықтимал. Осыдан соң жазушының шешімін білу үшін ⁵ төртінші аялдамаға бұрыламыз. Аталған әңгіменің аяғында: «...Манап демін жұтып, ақырын күрсінді. Еңкейіп, жерде тігінен тұрған дипломатын іліп алды да, алдына өңгеріп салып, аузын сырт ашты ...», – деген тұстан басталып, «...Қалың будың арасынан қалқып шыққан «Волгаға» қол көтергенін, шофердің кідіріссіз есік ашқанын, жұмсақ орындыққа аузы буылған қапшықтай сылқ етіп отыра кеткенін, «вокзал» деген сөздің өзін қиналып әрең айтқанын біледі. Орындық арқалығын желкесіне жастап, басын артқа тастап жіберді де, көзін жұмды ...» деген сөйлеммен аяқталады. Міне, осындай детальды талдаудан кейін, яғни «төртінші аялдамада» оқушылар шығарманың аяқталу тұсынан бастап толық талдайды. Әдеби шығарманы талдауда оқушыларға ырық берген дұрыс, өйткені баланың қиялы мен сезімін дамытуда олардың

өз ойын еркін жеткізуі өте маңызды. Олай болса, «аялдай отырып оқу» әдісі өтілетін әңгіменің мазмұнын игертудің бірден-бір жолы демекпіз. Сондықтан қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнын аясындағы мектеп бағдарламасында берілген шағын әңгімелерді оқытуда толығынан пайдалануға болады. Өйткені шағын әңгімені оқытудағы Ж. Аймауытов ұсынған әдістер – дәстүрлі жүйеде де, қазіргі таңда да қолданылып жүрген әдістердің негізі.

Көркем туындыны талдауда оқушыларға ырық берген дұрыс, өйткені баланың қиялы мен сезімін дамытуда олардың өз ойын еркін жеткізуі өте маңызды. Олай болса, «аялдай отырып оқу» әдісі өтілетін әңгіменің мазмұнын игертудің бірден-бір жолы демекпіз. Сабақтың түйіні ретінде шағын шығарма немесе эссе жаздыру баланың ойын ұштай түседі. Шығарма жаздыруда тақырып таңдаудың мәні айрықша талапты қажет етеді. Тақырып дәл, ықшам және нақты бір мәселенің төңірегінде болуы шарт. Қазіргі оқыту нәтижелері түріндегі әдеби пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін кең ауқымды тақырыптарды емес, оның орнына нақты бір ойды жалғастыратын, жағдаяттық тапсырма ретіндегі тақырыптарды ұсынған ләзім. Мұны Жүсіпбек Аймауытовтың мына: «Неғұрлым шығарманың тақырыбы күндегі өмірден, әсіресе, еңбектен істеп, балаға пайдалы нәрселерден алынса, соғұрлым бала жұмысына ынталы болмақ, ендеше, жемісті де болмақ» деген пікірімен сабақтастыра аламыз [3, 217-218 бб.].

Талқылау

Сондай-ақ ғалым балаға ұсынылатын шығарманың тақырыбы өмірмен байланысты болуы керектігіне барынша мән береді. Мысалы, оның «Газет хабарларын оқытып, мәселеге пікірлерін айтқызу, өздеріне көрген-білген елдегі жұмыстарды хабар қылып жаздыру, – міне, өмірге керекті, пайдалы тақырыптар. Газеттің белгілі бөлімдерін әр балаға, не бірнеше балаға оқып отыруға тапсырса, бір-екі жеті өткенде, сол бөлім туралы баяндамалар жасап, өздері жоба ұсынса, мұның бәрі жұртшылыққа, азаматтыққа аяқ басқанның нышаны болар еді» деп айтқан әдістемелік идеясынан байқаймыз. Мұны бүгінгі оқытуда жиі қолданылатын эссе жазумен де байланыстырамыз. Жаңартылған білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндерді оқыту барысында эссенің аргументті, салыстырмалы, хабарламалық, анықтамалық, дискуссивті,

сипаттамалық сияқты түрлері кеңінен қолданылады. Ж. Аймауытовтың шығарма туралы айтып кеткен ой-пікірлерін эссенің осы түрлерін, шағын шығарма жазуда пайдаланудың әдістемелік мүмкіндіктері өте зор. Бұл, әрине жобалау технологиясына да сайып келеді.

Әдіскер ғалым енді жазылған шығарманы қалай түзету керектігіне де ден қойып, ескі әдістердің жарамсыздығын айтады да, өзінің әдісін ұсынады. Шығарманы қалай жаздырту және оны қалай тексеру керектігі жөнінде бірсыпыра ойлары мен көзқарастарын білдіре отырып, мұғалімдерге арнайы нұсқаулықтарды жазуы Ж. Аймауытовтың қазақ балаларының сауатты да білімді болуына зор жанашырлық танытқанын аңғарамыз.

Ғалым өзінің әйгілі «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде пәндерді оқытудың негізгі түрлеріне сөйлеу және сұрауды жатқызады. Оның ойынша мұғалімнің сабақ барысындағы түсіндірмесін оқушылар түртіп алып отырса, бұл онда, бұл сөйлеу түрі болады. Диалогтік оқыту, яғни сұрақ жауап әдісін мұғалімнің тиімді қолдана алуы сұрау түріне жатады. Сабақтың басында оқушыларды жалықтырып алмас үшін мұғалім алуан түрлі деректерге толы мазмұндау әдісін қолданса, ал сабақтың соңында қызықты сұрақтар беру арқылы пікір алысуға жол ашылуы керек. Ж. Аймауытовтың бұл пікірін қазіргі оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістердің тоғысуымен сипаттауға мүмкіндік туады. Ендеше, мектептегі оқу-тәрбие үрдістері туралы арнайы еңбек жазып, ұрпағына мол мұра қалдырған Ж. Аймауытовтың дидактика мәселесінде өзіндік орны бар ғылыми тұжырымдар қалыптастыруы бүгінгі білім беру үдерісінің іргетасы іспеттес деп санаймыз. Бұл пікірдің қазіргі оқыту үдерісіндегі мәнділігі пәндік құзыреттіліктерді қалыптастырумен сабақтасуында деп білеміз.

Қорытынды

Сөйтіп, сөзімізді тұжырымдап айтар болсақ, Ж. Аймауытовтың оқыту мәселесіне арналған зерттеу еңбектерінің барлығы жүйелі түрде ғылыми-педагогика тұрғысынан дәлелденгендігін байқауға болады. Қазақ әңгімелерін қалай оқыту керектігі туралы жазылған алғашқы әдістемелік еңбегінің өз құндылығын жоймағандығын ол әдістердің бүгінгі оқыту технологияларымен сабақтастығынан көреміз. Шағын әңгімені оқытудағы ұсынған әдістері дәстүрлі жүйеде де, қазіргі

таңда да қолданылып жүрген әдістердің негізі екендігі айқын. Сондай-ақ ғалым шығарманы жаздыртудың өзіндік әдістеріне де ерекше мән берген. Оқытуды тәрбиені ұштастырудағы терең ойлары бүгінгі оқыту жүйесіндегі өзекті

мәселесіне айналып отырғаны белгілі. Жалпы, әдіскер ғалымның бұл зерттеулері қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқыту әдістемесінің іргетасы іспеттес екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Жұмажанова Т.К. Әдебиетті оқыту әдістемесі – Алматы: Білім, 2009. – 287 б.
- 3 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. 6-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- 4 Mercer N. The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners. Clevedon: Multilingual Matters, 1995.
- 5 Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 169 б.
- 6 Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 1969. – 87 б.
- 7 Жолдыбайұлы М., Қоңыратбайұлы Ә., Қаратайұлы М. Әдебиет хрестоматиясы (төрт жылдық мектепке арналған). – Алматы, 1934. – 255 б.
- 8 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева. – Алматы: «Атамұра», 2017.

References

- Aimauytov J. (2013) Alty tomdyq şyğarmalar jinağy, 6-tom [Collection of works in six volumes] Almaty, El-şejire, 384. (In Kazakh)
- Aktanova A.S., Jundibaeva A.K. (2017). Qazaq adebieti. Jalpy bilim беретін мектептің 5- cynybyna арналған оқылық [Kazakh literature. Textbook for the 5th grade of secondary school]. Almaty, Atamura. (In Kazakh)
- Baitursynov A. (1992) Tıl tağylymy [Language training] Almaty, Ana tılı, 130 p. (In Kazakh)
- Joldybaiuly M., Qoңyratbaiuly Ä., Qarataiuly M. (1934) Ädebiet hrestomatiasy (tört jyldyq miktipki арналған) [Reading list of literature] Almaty, -255 p. (In Kazakh)
- Jumajanova T.K. (2009).Adebietti okyty adictemeci [Methods of teaching literature]. Almaty, Bylym, 287.
- Köşimbaev A. (1969) Qazaq ädebietin oqytu ädistemesi [Methods of teaching Kazakh literature] Almaty, Mektep, -87 p. (In Kazakh)
- Mercer, N. (1995) The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners. Clevedon: Multilingual Matters
- Qoңyratbaev Ä. (1966) Ädebietti oqytu metodikasy. [Methods of teaching literature] Almaty, Mektep, 169. (In Kazakh)